

Карантин белгілеу туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 17 қарашадағы № 39 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 43 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 29.12.2023 № 43 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35- бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 -бабының 7-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 2-13/173 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі Амангелді ауылының аумағында орналасқан "Самғат" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруы анықталуына байланысты карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көптоғай ауылдық округінің әкімі

Е. Асылбаев